

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1494 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе оның аумағына экелінетін вексель қағазына қойылатын талаптарды белгілейтін ережені бекіту туралы" 2001 жылғы 31 наурыздағы N 79 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 120 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 12 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3146. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 237 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе оның аумағына экелінетін вексель қағазына қойылатын талаптарды белгілейтін ережені бекіту туралы" 2001 жылғы 31 наурыздағы N 79 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1494 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2001 жылғы 21 мамыр - 3 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе оның аумағына экелінетін вексель қағазына қойылатын талаптарды белгілейтін ережеде:

1-тармақта "Қазақстан Республикасындағы аударымдық және жай вексельдерге қатысты елтаңбалық алым туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған және" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Монетарлық операциялар департаменті (Әлжанов Б.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасты;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мұдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, екінші деңгейдегі банктеге және бірінші класты вексель эмитенттеріне жіберсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны алған күннен бастап үш күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары А.Р.Елемесовке жүктелсін.

*Ұлттық Банк Төрағасының
міндетін атқаруышы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК